

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№18 (7907)
Жұма 28 сәуір
2023 жыл

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке біз үшін бірлік пен берекенің, жақсылық пен бейбітшіліктің, келісім мен өзара түсіністіктің символына айналды.

Бұл мейрам елімізде тұратын барлық этностардың өзара бірлігі идеясын насихаттап, барлығымызды өзара тұтастыққа бастайды. Бүгінде біз біртұтас халықпыз. Бір шаңырақ астында осы тұтастығымыздың арқасында ғұмыр кеше отырып, қиыншылықтарды бірге еңсеріп, еліміздің жетістіктеріне бірге қуанып, алдымызға қойған мақсаттарымызға жетуге талпынып жатырмыз.

Осы бірлігіміздің арқасында біз көптеген мақсаттарымызды орындап, дамуға бет алдық. Қазақ даласы қиын-қыстау кезеңдерде тағдырдың тәлкегімен жер аударылған көптеген этностар үшін құтты мекенге, олардың екінші Отанына айналды. Бұл ретте бірлік пен ынтымақтастық идеясы халқымыздың ең бір жақсы дәстүрі болып табылатынын атап өткен орынды.

Халық даналығы «Алға ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» – деп бекер айтпаған. Ауызбіршілігіміздің арқасында еліміз жылдан жылға дамып келеді. Біздің жеткен жетістігіміздің барлығына аймағымыздың әрбір тұрғынының еңбегі бар.

Бір шаңырақ астында бірлескен халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғаса берсін. Әр шаңыраққа бейбітшілік пен тыныштық орнасын! Баршаңызға мықты денсаулық, мейірім, оркендеу тілейміз.

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихат хатшысы
Р.Әбуов.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткені баршаға

Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет

мәлім. Ел дамуының алдағы мақсат-міндеті айқындалған жиында атқарушы және өкілетті билікті ортақ мүдде жолына жұмылдыру жайы сөз болды.

Әлем сипаты өзгерген қазіргідей алмағайып шақта үлкен өзгерістерге жол ашатын саяси-экономикалық реформа жүргізудің маңызы зор. Көзделген мақсатына жетсе, бұл өзгерістер елдің халықаралық аренадағы беделін биіктетудің алғышартына айналмақ.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңесте Президент республикадағы көптеген өзекті мәселеге тоқталды.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан, күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол

үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат

жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

Қазір ерекше тарихи кезең. Ғылым мен технология ғана емес, қоғамдық қатынастар да түбегейлі өзгеріп жатыр. Мемлекеттердің даму бағдары және басымдықтары басқаша сипат алды. Мұндай кезде батыл әрі жылдам әрекет жасау қажет. Арқаны кенге салып отыруға уақыт жоқ. Жүктелген міндеттерді орындау үшін дереу іске кірісу керек. Тапсырмалар мүлтіксіз және уақытылы орындалуға тиіс. Әйтпесе, салдары ауыр болады. Реформалардың нәтижесін әрбір азамат нақты сезінуі қажет. Алдағы жұмыстың басты өлшемі – осы! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Д.Тәжібаева,
зейнеткер,
Ақтоғай ауылы.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Аймақ басшысы аудан тынысымен танысты

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына жұмыс сапарымен келіп, тұрғындарымен кездесті. Ауыл тұрғындары өздерін толғандыратын сұрақтарын еркін микрофон форматында қою мүмкіндігіне ие болды. Ақтоғайлықтар ауыл шаруашылығы саласындағы субсидия, жол, жер, жастар тәрбиесі, қоғамдық көлік, суармалы алқапқа қажетті су және тағы да басқа мәселелерді көтерді.

өзекті болып қала бермек. Өйткені, барлық электр желілері аудандық коммуналдық меншікке берілді. Қазір құжаттарды дайындау және желілерді «ЖезРЭК» иелігіне беру жұмыстары жүргізілуде, – дейді өңір басшысы Р.Айттықұлы.

Ауыл тұрғындары орталық аурухана ғимаратының күрделі жөндеуден өткеніне ризашылықтарын жеткізіп, дәрігер мамандардың тапшы екенін тілге тиек етті.



Алдымен ақтоғайлықтармен жүздескен аймақ басшысы аудан әкімі Руслан Кенжебековтің атқарылған жұмыстар және жоспарлы шаралар туралы есебін тыңдады.

Бұдан соң тұрғындар кезек-кезек сөз алып, өздерінің көкейде жүрген сауалдарын жолдады. Халықты әлеуметтік, тұрғын үй және коммуналдық салаларды дамыту мәселелері толғандырады. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары Ақтоғайдан Ақсу-Аюлыға дейінгі жолдың жағдайына қатысты шағым айтты.

Аудан әкімі Руслан Кенжебековтің айтуынша, биылғы жылы аталмыш жолдың тағы 50 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2024-2025 жылдары толық аяқталады.

– Биыл Ақтоғай-Шылым-Ақжарық тас жолының 10 шақырымын асфальттау аяқталады. Сондай-ақ, Нарманбет-Айыртас жолын жөндеуге қаражат бөлінді. Халықты электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесі әлі де

Облыс әкімі бұл мәселе шешіліп жатқанын айтты.

– Ауылға жас мамандар жіберілетін болады. Биыл Ақжарық ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салу жоспарлануда. 2024 жылы дәл осындай ФАП тағы 9 елді мекенде пайда болады, – деген аймақ басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың барысы басты назарға алынғандығын айтты.

Аудан орталығын толықтай кәріз жүйесімен қамту мақсатында құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта барлық үйлер орталық желіге қосылады. Жоба өткен жылы басталды. Ауылдан 1,5 шақырым қашықтықта төрт сорғы станциясы салынады. Бұл туралы аудан басшысы баяндамасында: – Негізгі коллектор және тазарту қондырғылары орнатылуда. Кәріз желісінің құрылысын 2024 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Жалпы жобаның құны 3 миллиард теңгені құрайды. Бұған қоса, кәріз суын (Жалғасы 2-бетте).

Аймақ басшысы аудан тыңшысымен танысты

(Соңы. Басы 1-бетте).

сақтау және тазарту қоймаларының жобасына қосымша түзетулер енгізілген, – деді.

Сондай-ақ, Ақтоғай үшін тағы бір ауқымды жоба – аудан орталығының солтүстік-батысында жаңа шағынаудан пайда болмақ.

Кездесу соңында облыс әкімі тұрғындардың жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді. Барлық мәселелер назарға алынып, заң аясында



шешілетінін айтты.

Бұдан кейін облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құрылыс алаңдарында болып қайтты. Қазір мұнда инженерлік инфрақұрылым құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жылуды және сумен жабдықтау, телефон кабелі мен көріз желілері үшін құбырлар салынады. Биыл 16 пәтерлік екі үйдің құрылысы басталған. Бұдан бөлек, 2024 жылы тағы екі үй салу жоспарланған. Сапар соңында облыс әкімі Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округінде болды. Жергілікті мектепті жөндеу мәселесін көтерген ақсақалдармен кездесті. Ермағанбет Бөлекпаев ғимараттың қасбеті мен шатырын жөндеуге жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуді тапсырды.

Өз тілшімізден

Аудан әкімдігінде

Кәсіпкерлер бас қосты

Шағын және орта бизнесті дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатта мемлекет тарапынан көмек-қолдау да көп. Жеке бизнестің жілігін шағып, жемісін көргісі келгенге ынта болса болғаны. Ол үшін Үкімет тарапынан түрлі бағдарламалар қабылданып, қоғам үшін еңбектәемін дегенге мол мүмкіндік берілуде. Осындай мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қатысып, шағын бизнестің шарықтатып отырған аудан кәсіпкерлерінің саны күн санап көбеюде. Бұл – қуанарлық жайт. Себебі, жұмыссыздар саны азайып, жұмыс көзі ашылуда.

26 сәуір күні аудан әкімі Руслан Кенжебеков өңір кәсіпкерлерімен кездесіп, саладағы түйткілді мәселелер жөнінде ой қозғап, кәсіпкерлердің ұсыныстарын тыңдады.

Еркін сұхбат түрінде өткен кездесуге кент, ауылдық округ әкімдері, қоғамдық ұйым өкілдері мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері және кәсіпкерлер қатысты.

– Ауданның дамуы, халықтың хал-ахуалының жақсаруы кәсіпкерлік саласының дамуына тікелей байланысты. Бүгінде аудандық кірістер басқармасында 650 жеке кәсіпкер тіркелген. Олардың 237-сі сауда қызметінде, 18-і қоғамдық тамақтандыруда және 36 кәсіпкер тұрмыстық қызметте жұмыс жасайды. Алайда, өңірде өнімді өңдеу, шағын кәсіпорындар ашу жұмысы өте төмен деңгейде, – деп сөз сабақтаған аудан басшысы Р.Айтықкөпұлы жиынның мән-маңызына тоқталды.

«Кәсіпкерлікті дамыту – аудан экономикасының, халықтың әл-ауқатының өсуінің басты тетігі» тақырыбында ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Сайлау Әубәкіров баяндама жасады. Мұнан

соң «Аудан кәсіпкерлерінің заңды құқықтарын қорғауда, мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау шараларын түсіндіруде «Атамекен» Ұлттық палатасы аудандық филиалының атқарған жұмыстары туралы» аталған кәсіпкерлер палатасының директоры Серікбол Дәкәрім ақпар берді.

Кездесу барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген шекті бағадан асырмау, азық-



түлік дүкендерінде «Әлеуметтік бұрыш», қайырымдылық сөрелер ұйымдастыру және кәсіпкерлерді әлеуметтік жауапкершілік үлгісін көрсетуге шақыру мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, кәсіпкерлер тарапынан шағын және орта бизнесті қолдау мақсатындағы үкіметтік бағдарламалар туралы тиісті сала мамандары дер кезінде насихат жұмыстарын жүргізіп, жарқын бастамалар жөнінде құлақтандырып отырса деген тілектерін жеткізді. Жиынды қорытындылаған аудан басшысы көтерілген сұрақтарға жауап беріп, кәсіпкерлікті, оның ішінде өндіріс пен қызмет көрсету саласының дамуы басты мәселе екенін атап өтіп, ауданның көркеюі мен әл-ауқатының жақсаруы үшін кәсіпкерлерді біріге жұмыс істеуге шақырды.

Д.Бакышев.

Аудандық мәслихатта

Тұрақты комиссияның біріккен мәжілісі

26 сәуір күні аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері мен әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияларының біріккен мәжілісі өтті. Тұрақты комиссия отырысына №4 сайлау округінің депутаты Д.Ізбасаров төрағалық етті.

Күн тәртібінде ауданның ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, ветеринария салаларын дамытуда атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер тұрақты комиссияның өзекті тақырыбы болды.

Сонымен қатар, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда аудандық полиция бөлімінің атқарған жұмыстары, Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы 27 сессиясының «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №203 шешіміне өзгерістер енгізу жөнінде сала басшыларының есебі тыңдалды.

Сондай-ақ, халық қалаулылары талқысында өзге де мәселелер қаралды. Біріккен мәжіліс отырысында көтерілген тақырыптар төңірегінде ұсыныс-пікірлерін ортаға салған депутаттар шешім жобасын қабылдап, мәселелерді сессия қарауына ұсынды.

Сессия отырысы өтті

Бұл күні аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуовтің төрағалығымен сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясы болып өтті. Келелі мәселелер мәйек болған басқосуға аудан әкімі Р.Кенжебеков, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары мен кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ауданның ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, ветеринария салаларын дамытуда атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер жөнінде аудан әкімінің орынбасары С.Амралин баяндама жасады. Аудан экономикасының негізгі бағыты ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстар мен жеткен жетістіктер жік-жігімен сараланған ақпаратта алда тұрған межелі міндеттер де тыс қалмаған. Баяндамадан ата кәсіп өмірі өзегі болған өңірде ауыл шаруашылығы саласы да өркен жайып келе жатқанын аңғардық. Бұрнағы жылмен салыстырғанда мал басы өскен, өнім өндіру көлемі артқан. Санға емес, сапаға

бет бұрған ауылдық ағайын тұлғаларды тұлғаландыру (асылдандыру) жұмыстарын қолға алған. Арнайы үкіметтік бағдарламалар аясында ауылшаруашылық техникалары жаңару үстінде.

Күн тәртібінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда аудандық полиция бөлімінің атқарған жұмыстары, Ақтоғай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы 27 сессиясының «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №203 шешіміне өзгерістер енгізу, «Қарағанды облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ақтоғай ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы және басқа да мәселелер қаралды. Аталған мәселелер бойынша аудандық мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдады.

Думан ҚАБЫЛ.

Мемлекеттік қызмет

Қарағанды облысының жергілікті атқарушы және өкілді органдарында 2,6 мыңнан астам мемлекеттік қызметші бар. Оның 14 пайызы жастар. Ағымдағы жылдың I сәуіріндегі жағдай бойынша облыста 168-ден астам жұмыс орны бос тұр.

Жастар – еліміздің басты стратегиялық ресурсы. Сондықтан, мемлекеттік қызметте жастардың білікті маман болып қалыптасуына үлкен мән берілуде.

Қазіргі цифрлық дәуірде мемлекеттік органдар тың көзқарастарға, креативті идеяларға, жоғары нәтижелі жұмысқа қызығушылық танытып, тиісінше, елдің қоғамдық-саяси даму үдерісіне бастамашыл жастарды тартуға бағытталған.

Мемлекеттік қызмет жастарға жаңа мүмкіндіктер береді

Мемлекеттік қызметке кәсіби құзыретті, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуеті жоғары, эрудициясы терең, адамгершілік қасиеттеріне бай және топта жұмыс істей алатын жігерлі жас кадрлар қажет.

Өйткені, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі мен халықаралық беделінің көрсеткішін білікті кадрлар айқындайды. Жастарды мемлекеттік қызметке тарту – мемлекеттік ұйымдардың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін маңызды міндеттердің бірі. Кадрлық құрамды жасарту, мемлекеттік басқару жүйесіне соңғы тәсілдерді енгізу, кәсіби қызметке тың көзқарас, өзгерістерге жоғары мотивация – бұл жастарды жұмысқа қабылдау арқылы ашылатын мүмкіндіктер.

Осыған орай облыста Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс жасауда. Өткен жылы осы мектепте 20-дан астам түлек жаңа дағдыларды игерді. Мектептің негізгі міндеті – болашақта өз тағдырын мемлекеттік қызметпен байланыстырғысы келетін ең дарынды және белсенді жастарға болашақта қолдана алатын тәжірибелік дағдыларды беру.

Сондай-ақ, жастарды мемлекеттік қызметке тарту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Тұрақты негізде жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерімен кездесулер, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, ашық есік күндері, кәсіптік бағдар беру аясында 10-11 сынып оқушыларымен кездесулер өткізіліп тұрады.

Бұл ретте іріктеуден өтіп, мемлекеттік қызметке келген жас мамандар да мемлекеттік қолдауға ие. Жас маманға 3 айға дейінгі мерзімге тәлімгер бекітіледі, ол өзінің функционалдық міндеттерін орындау жолдарын үйретеді, кәсіби қолдау көрсетеді. Әркім тәлімгер бола алмайды, мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, кәсіби қасиеттері жоғары, тәрбие жұмысына бейім және ұжымда беделге ие, қызметін бағалауда тиімдіден төмен емес нәтижелері бар, тәртіптік жазалары жоқ мемлекеттік қызметшілер ғана тәлімгер бола алады.

Осы жылдың I тоқсанында мемлекеттік қызметке алғаш

рет кірген 28 азаматқа сынақ мерзімі белгіленді. Олардың барлығына тәлімгер бекітілді.

Сонымен бірге, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалдарында 3 апталық оқытуға бюджеттен қаржы бөлінеді. I тоқсанда 16 жас мемлекеттік қызметші қайта даярлау курстарынан өтті.

2022 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға мемлекеттік қызметке кірудегі қажетсіз кедергілерді жоюға бағытталған өзгерістер енгізілді. Енді жоғары оқу үлгерімін көрсеткен университет түлектері (академиялық нәтиже GPA 3,33 деңгейінде болуы керек,

яғни дәстүрлі жүйе бойынша көрсеткіш «жақсы») немесе 100 баллдық жүйе бойынша 85-89) мемлекеттік қызметке конкурссыз кіре алады.

Бұл бастама мемлекеттік қызметке жас білікті мамандарды тартумен қатар, ауылдық, аудандық деңгейдегі «кадр тапшылығын» біршама жоюға септігін тигізеді.

Сондай-ақ, оларға «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша да бірқатар төлемдер қарастырылған.

Мемлекеттік қызметте жұмыс істеудің бірқатар артықшылықтары бар: Олар:

- тұрақтылық және әлеуметтік қамсыздандыру (тұрақты еңбекақы, 2 жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы, қысқартылған жағдайда 4 жалақы көлеміндегі төлемдер және т.б.);
- мансаптық өсу мүмкіндігі;
- мемлекеттік ұйымдарда, сондай-ақ жеке ұйымдарда тағылымдамадан өту;
- икемді кесте және қашықтықтан жұмыс істеу;
- оқыту (қайта даярлау (тағайындаудан кейін 6 ай ішінде) және біліктілігін арттыру (3 жылда 1 реттен кем емес));
- ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында грант бойынша оқу мүмкіндігі (магистратура және докторантура);
- «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыру және т.б.

Сонымен қатар, соңғы жылдары жас мамандардың еңбекақысы өсіп отыр. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің есігі айқара ашық, қолайлы мансаптық мүмкіндіктер бар. Қиындықтар мен жаңсақ қалыптасқан стереотиптерден қорқудың қажеті жоқ.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы

Дисциплинарное взыскание на государственных служащих налагается за не исполнение или ненадлежащее исполнение своих служебных обязанностей.

Порядок наложения дисциплинарных взысканий определяют Правила наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих. В целях повышения исполнительской дисциплины в 2023 году в правила наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих внесены ряд изменений и дополнений.

Так например, уточнены порядок и сроки истребования пояснений от государственных служащих, назначения служебного расследования, наложения дисциплинарного взыскания, досрочного снятия дисциплинарного взыскания с политических государственных служащих и т.д.

Также, дополнено основание прекращения государственной службы политическими служащими как утраты доверия (назначаемые Президентом РК) и отказа от ротации. С 1 января 2027 года вступят в силу нормы касательно прекращения государственной службы по отрицательным мотивам лицами, у которых не соответствует расходы к получаемым доходам.

Кроме того внесены изменения в Закон «О государственной службе РК» где указаны исключения, когда государственный служащий впервые привлечен к административной ответственности за принятие на работу лица, не представившего декларацию об активах и обязательствах. При повторном нарушении, государственный служащий будет уволен на общих основаниях.

Помимо этого с 1 апреля 2023 года за Агентством по делам государственной службы закрепляется функция контроля за соблюдением графика работы рабочего времени государственных служащих. В частности, планируется, что мониторинг будет осуществляться посредством информационных систем и других данных, а также с посещением государственного органа.

Источником проведения мониторинга будут являться данные системы контроля и управления доступом государственных органов, публикаций в СМИ и социальных сетях, а также иные сведения. Также внесены изменения в Правила передачи имущества государственных служащих в доверительное управление.

А именно в части расторжения договора на доверительное управление имуществом.

Полагаем, что внесенные изменения способствуют качественному и эффективному исполнению служебных обязанностей государственными служащими.

М.Ильяс,
главный специалист Управления контроля в сфере государственной службы Департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области.

Аудандық сотта

Жаңа заң халықты банк бұғауынан босата ала ма?

Президенттің Үкіметке айрықша маңыз беріп жүктеген тапсырмаларының бірі – жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды қабылдау. Маңыздысы – заңның қандай боларында. Жеке тұлғаларға қаншалықты пайдалы екенінде. 27 сәуір күні Ақтоғай аудандық сотында бұқаралық ақпарат өкілдерінің қатысуымен «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіруге арналған баспасөз брифингі өтті.

Іс-шара барысында сот төрағасы Ерден Боранбаев осы жылдың наурыз айынан бастап қолданысқа енген «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының аясында азаматтардың банкроттық рәсімдері туралы қосымша ақпарат берді. Азаматтардың үш түрлі банкроттық рәсімдерге, яғни соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша жүгіне алатынын айтты. Сондай-ақ, банкроттықтың салдары мен өтінішке қоса берілетін құжаттарды атады.

Банкроттық рәсімнің біріншісі – соттан тыс банкроттық мемлекеттік кірістер басқармасымен іске асады. Өтініш EGOV электрондық үкімет порталы арқылы беріледі. Азаматтар екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша жүгінеді. Бұл банкроттықтың шарттары мен ерекше шарттары бар. Ал екінші рәсім – сот банкроттығы, ол сотпен қаралады. Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Осы ретте өтініш



білу керек дегенге тоқталсақ, біріншіден, сот банкроттығы барысында борышкердің мүлкі сауда-саттықта сатылады. Екіншіден, егер жалғыз тұрғын үй кепіл нысанасы болса, онда кредитор оны сот банкроттығы барысында алып қоюға құқылы. Ал егер жалғыз тұрғын үй кепіл болып табылмаса, ол мүлктік массаға енгізілмейді. Бұл рәсімде қаржы басқарушысы тағайындалады. Қаржы басқарушысының қызметтеріне ақы төлеу борышкердің мүлкі есебінен жүргізіледі. Банкроттықты жүргізу мерзімі

6 айға ұзарту мүмкіндігімен – 6 ай. Осы рәсімде қолдану барысында шектеулер де бар. Соның ішінде шетелге шығуға тыйым салынады. Үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөнінде, тарқатып айтар болсақ, бұл мәселе де сотпен қаралады. Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Негізгі шарты – қарыздың мөлшері тиесілі мүлктің құнынан аспауы тиіс. Аталған рәсімнің артықшылықтары – банкрот мәртебесінің берілмеуінде, теріс салдарсыз қаржылық мониторинг жүргізілмейді, несие алуға шектеулер болмайды. Сонымен қатар, 5 жылға дейін қарыздар бойынша бөліп төлеуге мүмкіндік бар, шетелге шығуға шектеу жоқ, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу кезінде қаржы басқарушысының көмегіне жүгінеді және қарыздың бір бөлігін есептен шығару мүмкіндігі қарастырылған, – деп түсіндірді аудандық соттың төрағасы.

Баспасөз брифингін қорытындылай келе, сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тақырып аясындағы сауалдарына жауап беріп, шараға қатысқандары үшін алғысын білдірді.

Е.Боранбаев,
Ақтоғай аудандық сотының төрағасы.

Баспасөз хабарламасы

Алматы қ. 25.04.2023 ж.



Пресс-релиз

г. Алматы 25.04.2023 г.

1 мамырдан бастап «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының қатысушылары несиелерін Отбасы банк арқылы өтейтін болады.

Сондықтан қазір қазақстандықтарға, «Дипломмен – ауылға» жобасының қатысушыларына, банктің клиенті болып үлгеру маңызды. Егер бұл әрекет жасалмаса, несиені уақытында өтеу мүмкін болмайды және несие бойынша төлемді кешіктіру қауіп туындайды.

Банк клиенті болудың бірнеше жолы бар:

– Otbasubank мобильді қосымшасын жүктеп алып, ағымдағы шотпен депозит ашу;

– ұялы телефоннан 300 нөміріне тегін қоңырау шалу;

– жақын жердегі банк бөлімшесіне немесе кеңес беру орталығына жолығу.

Банк клиенті атанған қазақстандықтарға несие шарттары бойынша еш өзгеріс енгізілмейді, олар заемдарын төлеуді жалғастыра береді.

– Елімізде «Дипломмен – ауылға» жобасы өз жұмысын бастағалы бері 38 мың қазақстандық бюджеттік несие алған екен. Біз бұл клиенттік базаны бағдарламаның бұрынғы операторынан қабылдадық. Заң бойынша, осы несиелерге қызмет көрсетуді жалғастыру үшін қарыз алушылар Отбасы банкінен ағымдағы шот ашулары қажет. Клиенттерді хабардар етпей, олардың келісімінсіз біз оны өз бетімізше ашуға құқығымыз жоқ. Сондықтан, «Дипломмен – ауылға» жобасының барлық қатысушыларын 2023 жылдың 1 мамырына дейін жеделдетіп, ағымдағы шот ашып, банк клиенті атанып үлгерулерін сұраймыз. Сонда кез келген екінші деңгейлі банктен клиент осы ағымдағы шотты толықтырып, сол арқылы несиесін өтей алады, – деп түсіндірді «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары Нұрлан Ақшанов.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің шешімімен Отбасы банк «Дипломмен – ауылға» жобасының сенімді агенті болып тағайындалды.

Бұл жоба бойынша тұрғын үй сатып алуға немесе салуға несие беру және көтерме жәрдемақы төлеу қарастырылған.

Азаматтардың уақытын үнемдеу және оларға осы мемлекеттік қолдауды алу процесін жеделдету үшін «Дипломмен – ауылға» жобасы цифрлық форматқа ауыстырылды. Қазақстандықтардан жаңа өтінімдер otbasubank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн режимде қабылданатын болады.

Отбасы банкінің мемлекеттік деректер базасымен интеграциялануы және Blockchain технологиясын қолдануының арқасында азаматтардың түрлі мекемелерге баруын тоқтату мүмкін болды.

«Дипломмен – ауылға» жобасына

қатысуға өтінім беру үшін қатысушы otbasubank.kz порталында тіркелуі және ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қоюы қажет.

Бағдарламаға ауылдық жерлерге енді ғана келген және онда бірқатар кәсіптер бойынша жұмыс істейтін кез келген жастағы қазақстандықтар қатыса алады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен



әкімдердің орынбасарларын қоспағанда).

Аудандық әкімдіктер мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жыл сайын өз елді мекенінде жоғарыда аталған мамандықтар бойынша талап етілетін қызметкерлердің тізбесін қалыптастыратынын атап өткен маңызды. Дәл осы тізім аясында жеңілдетілген кредиттер беріледі.

Қарыздың ең жоғары сомасы 1500 АЕК-ке дейін, кредит бойынша мөл-шерлеме 0,01-ға тең (ЖТСМ – жылдық 0,01-дан басталады).

Қарыз маман жұмыс істейтін елді мекенде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі. Кредиттің ең көп мерзімі – 15 жыл. Негізгі талап – жобаға қатысушы ауылдық жерде мамандығы бойынша 3 жыл жұмыс істеуі керек.

Жәрдемақы мен бюджеттік кредит алуға өтінішті бір мезгілде беруге болады.

«Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша өтінімдерді қабылдаудың басталатын күнін банк қосымша хабарлайды.

* * *

«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – елдегі тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесін іске асыратын жалғыз банк. Банк Еуропалық құрылыс жинақ қассаларының федерациясы (ЕҚЖКФ) және Халықаралық тұрғын үйді қаржыландыру одағынан тұрады. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Отбасы банк» АҚ.

С 1 мая участники программы «С дипломом – в село» будут погашать займы через Отбасы банк Казахстанцам – участникам проекта «С дипломом – в село» важно успеть стать клиентами Отбасы банка до 1 мая 2023 года, чтобы своевременно продолжать погашать свои платежи по кредиту, согласно имеющемуся графику и не допустить просрочки.

Стать клиентом банка можно несколькими способами:

– скачать мобильное приложение Otbasubank и с его помощью открыть текущий и депозитный счета;

экономить время граждан и ускорить для них процесс получения данной господдержки, проект «С дипломом – в село» переведен в цифровой формат. Новые заявки от казахстанцев будут приниматься в режиме онлайн на портале недвижимости otbasubank.kz.

Исключить физические походы граждан в инстанции стало возможным благодаря интеграции Отбасы банка с государственными базами данных и использованию технологии Blockchain.

Для того, чтобы подать заявку на участие в проекте «С дипломом – в село», ее участнику нужно будет зарегистрироваться на портале otbasubank.kz и подписать заявку с помощью ЭЦП.

Участвовать в программе могут казахстанцы любого возраста. Главное, чтобы они имели диплом и работали на селе по ряду профессий. Это специалисты здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта, агропромышленного комплекса, государственные служащие аппаратов акимов сельских округов (за исключением акимов и заместителей акимов).

Районные акиматы и акиматы городов областного значения ежегодно формируют перечень востребованных в своем населенном пункте работников из вышеперечисленных специальностей. И именно в рамках этого перечня будет оказываться господдержка.

Максимальная сумма займа составляет до 1500 МРП, ставка по кредиту равна 0,01% (ГЭСВ – от 0,01% годовых).

Заем выдается на приобретение или строительство жилья в том населенном пункте, где специалист работает. Максимальный срок кредита – 15 лет. Главное условие – участник проекта должен отработать в сельской местности по специальности 3 года.

Подать заявку на пособие и заявку на получение бюджетного кредита можно будет одновременно.

Дату старта приема заявок по проекту «С дипломом – в село!» Отбасы банк сообщит дополнительно.

* * *

АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»» – единственный банк в стране, реализующий систему жилищных строительных сбережений. Банк состоит в Европейской федерации строительных сберегательных касс (ЕФССК) и в Международном союзе жилищного финансирования.

Единственным акционером АО «Отбасы банк» является АО «Национальный управляющий холдинг «Байтерек»».

Дополнительная информация для СМИ: pr@hcsbk.kz пресс-секретарь: Наталья Кутлина +7 707 7332292.

Ынтымағым – ырысым, татулығым – тынысым, Бейбітшілік – ұраным, тұрақтылық – тұмарым!



*Жаңы жасайсаң, көңілі дархан, өні әулеген
Ақтоғай өңірінде кезінде өзге ұлт өкілдері көп
тұрған. Аудан халқы соғыс кезінде Украина,
Поволжьедегі әсер аударылып, жүздеп-жасадап,
жабырқау кейінінде жеткен немістерді
жастырқамай, бауырына басқан. Көп жылдар
бойы аудан аумағы мен орталығында қазақ-
неміс болып қоян-қолтық, сыйластықта
тату-тәтті өмір кешті. Қазақшасы
қазақты жасаңдырған Ақтоғай немістерінің
хикаялары жетерлік.*

қарасаңдаршы, Жыланды көрінбейді. Самолетті қалай шақыртам, басым екеу емес қой» деп жауапты келте қайыратын. Онысы ауыл басынан 30 шақырымдай жердегі Жыланды тауы ауа райы бұлынғыр, «бітім» жеңіл «кукурузниктің» ұшуына ауа райы қолайсыз күндері көрінбейтін еді.

Ақтоғай ауданы Жезқазған облысына қараған шақта, қандала Едқа Ақтоғайға тағам, өндіріс заттарын жүк таситын автокөлікпен, арасы 700 шақырымнан аса қашықтықтан, жеткізіп тұрады екен.

«жат», – деді, жаттық, «ат», – деді аттық. Сонда 5 жыл бойы соғыс кешіп бір немісті көрсем, көзім шықсын. Өмірімде бірінші көрген немісім – ауылдағы мына отырған Гәних Едқа», – депті де мінбеден түсіпті. Залдағылар қыран күлкі болыпты.

Аудандық бір мекемеде еден жуушы болып неміс әйелі істеген екен. Бірде оған бастығынан кеткен ескертпеге: «Маған жасаған қокан-лоққыңыз көк тиынға татымайды, қайда жүрсем де өлмес күнімді көрермін, «күрекке қокыс табылар» деп

Қазақшасы – қазақты жаңылдырған..

Неміс халқының тынғылықты іскерлікке ғана емес, сонымен қатар қазақ тіліне деген ықыласы мен қабілеті өте зор екендігіне жас болсақ та, көзіміз жетіп еді. 1969 жылы мен қызмет бабымен елден алыстап кеткен едім. Бірақ, сол кездердегі немістер туралы естіп-білгендерімді қалың оқырман назарына ұсынуды жөн көріп отырмын. Қазіргі таңда Ақтоғайда неміс қауымынан ешкім қалмаса да, олар жайлы қызықты естеліктер ел аузында.

Бірақ сарандары туыс-жекжат болып кеткен жағдайлары да болған. Ақтоғай немістерінің қысқаша тарихы Ресейдің Еділ өзені бойында өмір кешкен Поволжье немістері, Ұлы Отан соғысы басталған жылдары «сенімсіздер» қатарына ілігіп, сталиндік қатал саясаттың дүмпуімен елдерінен еріксіз көшірілгендіктен, басталды. Әуелі олардың басым көпшілігі кішірек ауылдарға орнықтырылған. Содан кейініректе олар аудан орталығы Ақтоғайға шоғырлана бастаған. Біз мектеп қатарында болған кездерде (1954-1965 жылдары) олар 50 шақты отбасы еді. Барлығы өмір талаптарына бейім, қиындыққа төзімді, еңбекқор болды. Салған үйлері еңселі де іші-сырты жинақы, маңы тап-тұйнақтай таза болатын. Жаппай көкөніс салатын. Елемде күрделі саяси өзгерістер туындап, Германия бұрынғы Кеңес кеністігіндегі немістерге тарихи отандарына қайтуға мүмкіндік бергенде, өкінішке орай, Ақтоғай немістері жаппай көшіп кетті.

Ақтоғай немістерінің барлығы да қазақ тіліне судай, туған тілінен кем білген емес. Сұхбаттасқанда өзіңізді жаңылдыратын. Ұшыраса қалсаңыз, әңгіме-дүкен арасы қазақи ырағыммен, сөйлемдерді мақал-мәтелдермен өрбіте түйдектегіп, ойларын ойнақы орғыта шиырып тастап отыра, алыстан астарлата, керек кезде қақпалдата жүйтіккітіп, бет қаратпайтын. Кейде олармен жеңіл дауға қалған қазақтар қайтарма шешендігі сарқылып, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп мұртын сипай басып бұрыла кете баратын. Тілді терең білгендіктен, осындай қалыпта, қашанда немістер «есесін» жібермейтін. Қазақтар да оларға жөнсіз өктем болған емес. Жәй, ойын-қалжың көріністері жиі болып тұратын. Немістер қазақ тілді ширата айтуға әуес, қазақтар айтқызуға әуес – соған екі жақ та іштей мөз.

Эдуард Фуст Германиядан Ақтоғайға жыл сайын келетін. Біздікілер Едқа деген қысқа нұсқасын қолданатын. Сол Едқалар бастары оншақтыдан асқан бойы жұрт оларды ажырату үшін қосымша жаңа-жапсырма белгімен айдар тағып атайтын болған: мысалы, Комхоз-Едқа (ол «райкомхоздың» бастығы қызметін атқарған Эдуард Гәних); Қандала-Едқа (инженер көзінен өтетіндей пысық, лып-лып еткен шапшаң болатын – Эдуард Фуст);

Хайуан-Едқа (ұрда-жық, жөнге көнбес төпек, ГАЗ-51 көлігін күйіндай ұшыратын шопыр еді); Қалдық-Едқа; Дәу-Едқа; Еңкіш-Едқа, сондай тағысын тағылары.

Бірақ біздің есімізде Вилли қалды. Ақтоғай немістерінің арасындағы ең жуасы, қойдың аузынан шөп алмайтын, артық сөзі жоқ, салмақты басын салбыратып жұмысын істеп жүре беретін Вилли деген неміс болған еді. Жұрт оны қара Вилли деп атайтын. Бір жылы аязы қатуылд өте қытымыр қыс ұзаққа созылып, бетіне қарап отырған жалғыз ала сиырдың да жем-шөбі таусылып, мал жүдеп, көтерем болған кезде, көршісі: «Ия, Вилли, қалың қалай?» деген екен. Сонда жұрт «осы бейбақ сөз білмейді-ау» деп жұртқа, жабырқау күйдегі Вилли: «Е, пәләншеке, қалды несіңе сұрайсың, айтсам өзің жылайсың» деп өлендете жауап беріпті.

Кеңес заманында аудан басына облыс орталығы Қарағанды қаласынан ауа райы қолайлы болғанда күнделікті АН-2 (халық «кукурузнику» деп атайтын) ұшағы (айта кетер жәйт, мына әңгіме-мысалдар арасында сол елестей өткен кездегі сөз мәнерлері сақталған) келіп, кететін болған. Самолет қонатын аэропорт басында радиотелеграф болып қалқанқұлақ Вилли (тегі-Лоренц) деген неміс істейтін. Жұрт көбіне автобустан гөрі, ішінде киналса да, көздеген жерге тез баратын самолет қалайтын (ол кезде самолет аудан аумағындағы совхоздарға да қатынайтын). Жолаушылар аэропорт басында билетке сендей соғыла ұмтыла, ақ ол қолдарына тигеннен кейін, аспанға көз сүзіп, ауа райының қолайлы болуын Құдайдан тілеп, тынышы кете самолет тосып, дуылдасып отыратын. Содан олар: «Вилли, самолетті алдыртсайшы, қанша тосамыз, мазамыз кетті» деп қолқалайтын. Вилли: «Сендер қызықсындар,

Сонда қойма қызметкерлері жұмысына тынғылықты шопырға: «Әу, Едқа, бізде қал найман бод, үйлендіреміз, жағдайыңды жасаймыз» деген үгітке салыпты. Сонда қандала Едқа: «Жезқазғанда найман болғанша, Ақтоғайда маймыл болғаным артық» деп жауап берген екен.

Орта мектептің көчегары Петр Майерден біреу-міреу: «Ия, Петр, аман-есенсің бе?» деген сәлемге, ол: «Е, әйтеуір Никамбек бізді немістен қалдырған тұқым болған соң, тәубе, өзiрге аман-есен жүріп жатқан жәйіміз бар» деп мыскылдап жауап берді екен. Ондай жауаптың астары, Отан соғысына қатысып келген Никамбек ағаның жиендері шығарған, оның өзінің аузынан шықты-мыс деп, ел арасына таратып жіберген қалжың-әңгімелер немістердің де құлағына жеткен. Никамбек аға соғыстағы «ерліктерін» былай айтыпты-мыс: «Бір күні фашистермен қиян-кескі шайқас үсті, оларға пулеметімнен оқты қардай боратып, қырып-жойып, аямай жаусатып жатқан едім, біреу нығымнан тартып, «жетер» дегені. Фашистерге әбден ыза-кегім басылмай, тістене бұрқанған еткізу басым, тоқтар еместің, оның қолын қағып жібердім де, пулеметімді дырылдата оқтарды жаудырата бердім. Пулеметімнің ұшы да қызып кетіп, түтін шыға бастады. Оған қарайтын мен жоқ, атып жатырмын, атып жатырмын, фашист немістер жапырыла құлап жатыр... Әлгі адам сол жақ нығымды қаттырақ тартып: «Никошка, жетеді енді, немістерден де тұқым қалсын, қалғанын тірдей ұстаймыз» дегені. Оған басымды бұрып қарасам, маршал Василевский екен».

Ел аузында жүрген тағы бір қызықты хикаяның кейіпкері Отан соғысының ардагері, қашанда бет-жүзге қарамай турасын мәймөңкелемей анық айтатын марқұм Рымбай Жанкин аға. Бірде аудандық мәдениет үйінің халыққа лық толы кең залында 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған салтанатты іс-шара өтіп жатады.

Жиналыс барысында басқа да соғыс ардагерлерімен қоса Рымбай ағаға сөз беріледі. Ол мінбеге көтеріле отырғандарды асықпай көздерімен бір шолып өте: «Осы отырғандардың арасында төңірекке «ерліктері» жайылып ел аузына ілінгендер жетерлік. Бірақ, мен өз шындығымды айтайын. Әскер қатарына алындық, бізге

тойтарыс беріпті. Мен оның жауабының бір сөзін сыпайылатып айтып отырмын. Шынында «қокыс» деген сөздің орнына анайылау сөз айтылған еді.

Андрей мен Николай Беркә деген ағайынды немістер қазақ тіліне аса жүйрік болған, алдына жан салмаған. Сөздерді бұрқыратып, алдындағы пәндінің о жағы, бұ жағынан үдетіп, іліп-шала екпіндете кімді болсын бөрігін теріс айналдырып, басын есенгірете бездіртіп жіберетін қабілеттері болатын. Андрей Беркә «менің руым тобықты» деп жар салатын, сөз арасы мәтелдетіп, іркілмей ескі өлең-қиссалардан үзінділерді төгіп-төгіп жіберетін. Бірде аудандық автоинспектор оның шопырлық «правасын» алып қоймақшы болып, қыспаққа алып тұрғанда, ол: «Бауырым, мені аясаншы, қолымда сегізжарым балам бар, «правамды» алып қойсаң, оларды қалай асыраймын?!» деп өтіліпті. «Сегізін дұрыс, ал «жарымын» не? – деген сұраққа, Андрей: «Жарты балам әйелімнің құрсағында» депті. Андрейдің тапқырлығын сыйлап автоинспектор оның «правасын» қайтарып беріпті.

1970 жылдардың соңы болуы керек, мен мынадай таңқаларлық көрініске куә болдым. Алматыдан туып-өскен ыстық Ақтоғайға келіп-кетіп жүрген кездердің бірінде көше бойы екі неміс азаматы бірімен-бірі таза қазақша: «Ия, Роман, қал жақсы, үй-іші, бала-шаға аман ба?», «Ия, Вилли, өзін қалай, ауыл-аймағың аман-есен бе?» дегендерін ести бара, іштей: ойпырмай, бұл немістер бөгде адамдар болмаса да, қазақша сөйлеседі екен ғой деген өзіме «жаңалық» аштым.

Германиядағы ақтоғайлық немістер шат көңілді, кеңпейіл бұрынғы мекендеген Ақтоғай елің, жерін ансап, сағыныштан көңілдері құлазығанда «Ақтоғайым» әнін айтып («Ақтоғай – алтын бесігім», мәтіні – Абзал Бөкеновтікі, әуені – Дәрттай Садуақасовтікі), шалқытып алады екен. Өсіп-өнген алыстағы ыстық өлке, кеңпейіл ақтоғайлықтар ойға түсіп, өркез көз жастарын көл қылатын кездері де болып тұрады екен. Біз де ауылдас болған немістерді еске алып тұрамыз.

Нақыпбек СӘДУАҚАСОВ,
заңгер,
«Орталық Қазақстан» газеті
архивінен алынды.

Мейрамның тарихы туралы не білеміз?

1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп атап өткенімізбен, бұған дейін, Кеңестік кезеңде, мемлекет осы күні еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күнін тойлап келген. Ол кезде 1 мамырда халық жаппай шеруге шығып, әскери парадтар өтетін. Халық еңбектегі табысы мен жетістігін жария етуге ұйытылатын.

Мейрамның екінші күні, тәртіпке сай, "көк-ке" шығып, мейрамды табиғат аясында жал-

ғастыратын. Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күнін тойлау туралы шешімі Чикаго жұмысшыларының бас көтеріуін еске алу мақсатында Париждің Интернационалдар конгресіне қатысушылар 1889 жылдың шілдесінде қабылдаған.

1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап етіп, көтеріліс ұйымдастырған. Еске сала кетелік,

бүгіндері Қазақстанда еңбек күні қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтеді. Көптеген мемлекет үшін бұған дейін де, қазір де 1 мамыр көктем, жердің жаңғыруы мерекесі боп табылады. Мысалы, ежелгі кельттер осы күні Бельтайнды атап өткен. Бұл қайта олар үшін малды жайлауға шығарумен байланысты боп келеді. Қазіргі Германия 1 мамырда табиғаттың жаңаруына байланысты Мамыр мерекесін атап өтеді.



Дүниежүзілік иммундау

Қазіргі кезде әлемде қызылша ауруының эпидемиологиялық жағдайы шиеленісті болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және ауруларды бақылау мен алдын алу орталығының (CDC) мәліметтері бойынша, жер жүзінің түрлі аймақтарында қызылшаның таралу қаупі бар, өйткені әлемді жайлаған COVID-19 ауруы вакцинациямен қамтылудың және ауруды эпидемиялық бақылаудың төмендеуіне әкелді.

ДДҰ мәліметтері бойынша 2022 жылы әлемде қызылшаның 155,5 мың жағдайы тіркелді. Ағымдағы жылы қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдайдың асқынуы Украина, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстанда байқалды.

Қызылшадан сақ болыңыз!

2023 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша республикада қызылшаға күдікті 222 жағдай тіркеліп, оның 140 жағдайы зертханалық жолмен расталды. Ауырғандар ішінде 14 жасқа дейінгі балалар басым, олар 91% құраса, ересектер 9% құрады. Сырттан әкелінгені – 11,4%, жергілікті – 88,6%.

Ал, науқастардың арасында екпе алмағандардың үлесі 69,2% құраса, мәртебесі белгісіз – 12,1%, екі рет егілгендер – 10%, бір рет егілгендері – 8,5%.

Республика бойынша ең көп жағдай Алматы қаласында (88), Түркістан облысында (15), ал қалған аумақтарда 10-нан аз жағдай тіркелген.

Ағымдағы жылы Қарағанды қаласында Түркиядан келген бір отбасының балалары арасында қызылшаның 3 жағдайы тіркелді, олардың барлығы қызылшаға қарсы вакцина алмаған.

Қазіргі кезде Ақтоғай ауданы көлемінде қызылшаның эпидемиологиялық жағдайы тұрақты болғанымен, алаңдатушылық тудырады. Себебі, негізгі болжам бойынша Қарағанды облысы қызылшаның өршу қаупі жоғары аймаққа кіреді, өйткені пандемия кезінде 6000-ға жуық бала қызылшаға қарсы егумен қамтылмаған, халықтың ішкі және сыртқы белсенді көші-қонын ескере отырып, қызылшамен сырқаттанушылықтың жоғары қаупі біздің ауданымызға да туындап отырғанын айта кету қажет.

Себебі, қызылша ауруының алдын алуда ең бастысы – қызылшаға қарсы екпе жасау. Ал, ауданымызда екпе алудан түбегейлі бас тартып отырған ата-аналарымыз да баршылық. Олар қызылшамен өз баласының ауырғанымен қоса басқа да балалардың ауырып қалу қаупін туындатып отыр.

Қызылша ауыруы – пневмонияға, энцефалитке асқынуымен қауіпті. Бұлардан басқа, құлақ, көз, асқазан, зәр шығару жүйелерінің, тері жамылғысының түрлі асқынуларына әкеліп соқтыруы мүмкін. Қызылшаның нақты емі жоқ, уақытылы вакцинация аурудың алдын алуда ең басты сенімді құралы. Сондықтан, екпеден бас тартпайық, ағайын!

Екпе негізінен ата-аналар келісімімен 1 жасқа толған балаға қызылша, қызамық, паротит вакцинасымен жасалса, мектепке барар алдында, яғни баланың 6 жасында осы вакцинамен қайта егу жасалады.

«Аурудың алдын ал» демекші, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік!

Г.Муксинова,
Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылығы жанындағы "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №725 қаулысымен бекітілген ұлттық жобасын тиімді іске асыру шеңберінде вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында 2023 жылғы 24-30 сәуір аралығында "Ауқымды толық иммундау!" лозунгымен Дүниежүзілік иммундау апталығы өткізіледі.

Бүгінгі таңда түрлі екпелер (вакцинация) – жұқпалы аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы. Дегенмен, осы екпелер төңірегінде даулы мәселелер көп-ақ. Олай болса, вакцинация жайлы не білеміз?

Біз ашық әлемде өмір сүреміз. Сондықтан, қоршаған ортаның түрлі әсерінен туындайтын сан алуан ауруларды баланың өлсіз ағзасы қалай қабылдайтынын бірде-бір ана алдынала болжай алмайды.

Вакцинаның арқасында ағза аса қауіпті ауруларды тудыратын бактериялар

мен вирустарға төтеп бере алады. Мысалы: туберкулез, көкжөтел (коклюш), дифтерия, гемофильді жұқпа және сіреспе (столбняк).

Вакцинацияның мақсаты

Бұл емшара кезінде ағзаға аздаған мөлшерде вакцина енгізіледі. Ол ағзаға зиян келтіретін белгілі бір инфекцияларға қарсы антител тудыруы тиіс. Осының арқасында ағзада аталмыш ауруға төтеп бере алатын иммунитет қалыптасады. Әрбір вакцинаның қатаң тәртібі, қолданылу уақыты, қолдануға болмайтын жағдайлары және енгізу жолдары (ауызға, бұлшық ет ішіне, тері астына және тері ішіне) бар.

Вакцинацияға жауапкершілікпен қарау керек.

Біріншіден, әрбір ата-ана баласына қандай екпенің жасалатынын білуі керек.

Екіншіден, ол нәсімен қауіпті, екпеден кейін болатын түрлі келеңсіздіктердің алдын алу үшін қандай шара қолдану керек және қалыпты жағдайда болатын өзгерістер туралы сұрауы тиіс. Көбіне аналар баласы екпені көтере алмайды, кері әсері болуы да мүмкін деп жасқанады. Ағзаның екпеге қарсы жауап беруі сол сәттегі баланың жағдайына тікелей байланысты. Егер бала осы уақыттарда тек ана сүтімен қоректенсе, анасы оның денсаулығына асқан жауапкершілікпен қараса, екпенің кері әсері болмауы тиіс.

Жасату керек пе, әлде күте тұрамыз ба?

Екпе жасайтын кезде баланың дені сау болуы аса маңызды. Бұл уақытта бала түрлі жұқпалы аурулардың салдарынан туындайтын іш өту, дененің бөртуі, тұмау, дене қызуының көтерілуі сынды келеңсіздіктерден ада болуы тиіс. Ол неге соншалықты маңызды десеніз, екпеден кейін ағза барлық күшін белгілі бір инфекцияға қарсы иммунитет тудыруға жұмсайды. Сондықтан, оған артық «салмақ» жүктеудің қажеті жоқ. Егер бала қандай да бір аурумен ауыратын болса, оған екпені белгілі бір тәртіппен енгізеді.

Аллергиясы бар балаларға екпе жасардың алдында 2-3 күн бұрын және екпеден соң 3-5 күн арнайы гистаминге қарсы тамшыларды береді.

Демікпемен ауыратын балаларға екпе кезінде негізгі емнің мөлшерін жоғарылату ұсынылады.

3 айдан 5 жасқа дейін болатын құрысуға шалдыққан балаларға АДС-М (дифтерия мен сіреспеге қарсы екпе) енгізгеннен кейін 1-2 күн және тірі вакцинаны енгізгеннен кейін 5-інші күннен бастап парацетамол береді.

Иммунитеті төмен балаларға белсенді емес вакциналар қауіпсіз болғанымен қажетті нәтиже бермеуі мүмкін, ал тірі вакцинаны оларға енгізбейді.

Жүйке жүйесінде ақауы бар балаларға вакцина енгізетін

болса, үш күннен соң кері әсері байқалуы мүмкін.

Сондықтан, оларға тек невропатолог рұқсат берген кезде ғана екпе жасайды.

Ал уақытша екпені тоқтатуға безгек немесе созылмалы аурулар түрткі болады. Мұндайда екпе бала толықтай жазылған соң енгізіледі.

Екпені жасауға тыйым салынатын жағдайлар:

- аталмыш препаратты алғашқы енгізген кезде кері әсері болған жағдайда;
- қатерлі аурулар;
- СПИД.



Қалай дайындалу керек?

• Екпе енгізудің алдында балалар дәрігеріне, сонымен қатар неврологқа қаралу керек. Олар баланың сол сәттегі жағдайына, оның ағзасы екпені қабылдауға қаншалықты дайын екеніне әрі алғашқы екпенің әсері қандай болғанына көңіл бөледі. Ең бірінші АҚДС алатын кезде қан мен нәсеп талдауын алу қажет. Бұл анықтамалар сол сәттегі баланың денсаулығы жақсы екенін көрсетсе, екпе енгізуге рұқсат беріледі.

• Екпе туралы айтып баланы қорқытудың қажеті жоқ. Егер ес білетін бала екпе жасағанда ауырады ма деп сұраса, шындықты айтыңыз. Бұл емшараның жағымсыз болатынын айтып, иің кіргенде аздап ауыратынын ескертіп, бірақ, оның барлығы уақытша ауырсынулар екенін түсіндіру керек. Бірнеше минуттан кейін екпенің орны ауырмайтыны рас.

• Екпе жасалардың алдында бірнеше күн бұрын сәбиді қызғыштай қорысаңыз да артық емес. Әсіресе, түрлі жұқпалардан сақ болғаны жөн.

• Екпе жасалған күні баланың ас мәзіріне жана тағамдарды енгізбеніз және қолдан тамақтандыруға көшуді де кейінге қалдыра тұрыңыз. Егер сәби ана сүтімен ғана қоректенетін болса, өз ас мәзіріңізге де көңіл бөліңіз. Екпе алдында қажетті препараттар тағайындалған болса, оларды міндетті түрде ішініз. Алдын ала дәрігермен кенесіп, қажет болып қалады-ау деген барлық дәрі-дәрмекті алып қойыңыз.

• Екпеге барғанда өзіңізбен бірге балаңыздың сүйікті ойыншығын, жөргек ала барыңыз. Дәрігердің қабылдауында болғанда онымен бірге баланың сол сәттегі жағдайын жіті қадағалаңыз. Вакцинаға берілген анықтамамен танысып, оның қолданылу мерзіміне зер салыңыз. Иіңні енгізу кезінде, бастысы, өзіңіз қобалжымаңыз. Балаңыздың қол-аяғын ұстасып, мейірбикеге жәрдем беріңіз. Бала да сіздің жүзіңізден үрейді байқамасын.

• Екпе кезінде баланың қолыңызда немесе алдыңызда отырғаны жақсы. Бұл жағдай сізге сенімділік тудырады әрі қолайлы. Баланың көңілін аулау үшін 3-4 жасар бала болса тақпақ айтып немесе ән салып, одан ересек баламен айналыңыздағы заттарды зерттеп, ең кішкентайларға үйден алып келген ойыншығыңызды көрсетсеңіз болады.

• Екпеден кейін балаңыздың әбден жылап алуына мүмкіндік беріңіз. Бұл үшін оған ұрсудың қажеті жоқ. Есіңізде болсын, екпе жасалған жерді уқалауға болмайды!

М.Мыңбаева,
«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК
иммунолог мейірбикесі.

Өнеге

Төле бидің шешендік сөздері

Төле Әлібекұлы (1663-1756 ж.ж.) – қазақтың қоғам қайраткері, шеши, Ұлы жүздің бас биі, «Жеті жарғының» жасаушылардың бірі. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен қайраткер.

1740 жылы жоңғар-қалмақ билеушісі Қалдан Цереннің колшоқпарлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле би бастаған ел Ташкенттен қуылады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты әкімдікке тағайындайды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қолтастында қалады. Осы тұста Құлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басшылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр:

– Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ, – деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

– Атадан ұл туса игі, өзі біліп тұрса игі.

Ата жолын қуса игі. Жаудан бұққан немесі,

Өзіне келер ұятын, ортасынан қуса игі! – деп, шырық бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді. Сонан соң айналасындағыларға қарап:

– Уа, көсіле шабар жерің бар, арылмайтын сорын бар...

Ту көтерер ерің бар. Құлдық ұрсаң дұшпанға,

Қол боларлық елің бар, еркек болып тууды деп,

Атадан қалған жолың бар, мына сені кім айтар?

Құлдық ұрсаң дұшпанға, – деп толғайды. Төлениң осы төрелік сөзін өзгелер түгел құп алып, жауға қарсы күш біріктіріпті деседі.

Жаңа жайлауға қоныстанған бір бай екі кедей жігітке құдық қаздырады. Құлдық қазылып біткен соң жігіттер байдан ақысын сұрайды. Бай олардың біреуіне – саулық, екіншісіне козы береді. Екінші жігіт оған наразы болады. Төлеге келіп шағым айтады. Төле байға құдық қазған екі адамның еңбегі бірдей екенін айтады. Бірақ құдық иесі өз дегенін қайтпайды.

– Адамның екі көзінің, екі қолының қайсысы кем? – дейді байға.

– Ешқайсысының кемдігі жоқ. Екеуі де бірдей. Сөзіңізге жығылдым, биеке! Өкпелі жігітке қой берейін, – депті амалы құрыған бай.

(Ғаламтордан алынды).

Еске алу

Тал бесік пен жер бесіктің арасын дұрыс пайымдай білген пендеге бір-ақ адым жер. Адам фәниден бақиға өткенімен, әулетінің жүрегінде, ағайын мен айналасының көңілінде мәңгі өмір сүре бермек. Кеше ғана ортамызды толтырып, ойнап-күліп жүрген ботамыз **Боқанов Жаннұр Жанболатұлының** келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанғанына 8 мамырда 1 жыл толып отыр. Өмірдің сылай тосын қайғысымен қабырғамызды қайыстырып, жүрекке мұң салатынын кім болжаған. Ботамызды сағына еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.



Нұрлы бейнен өшпейді есімізден, Сағыныштан жас тамар көзімізден. Жүрек сыздап, еңсе түсіп егілеміз, Бар қимастық білініп сөзімізден. Дидарынан тұрушы еді таң күліп, Ерте кеттің уайымға қалдырып. Топырағың торқа болсын, ботам-ау, Жатқан жерің жайлы болсын мәңгілік.


Рухына тағзым етіп, сағына еске алушылар: анасы – Айнұр, ағасы – Саламат, қарындастары – Әмина, Мадина.

Баламыз Жаннұрға арналған жылдық ас 8 мамыр күні сағат 12.00-ден бастап Ақтоғай ауылының «Ақсоран» мешітінде беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, бірге оқыған сыныптастары, жұмыстағы әріптестер мен көршілерге хабарлаймыз.

07 мамыр 2008 жылы **Ержанова Зару** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

Еске алу

Асыл жар, асқар тау өке, қамқор аға, ардақты, атамыз **Бакиров Мұрат** әкеміздің өмірден өткеніне 40 күн толды. Отбасым, балаларым, бауырларым деп, бізді адал еңбекке баулып, жан-дүниенің ізгілікке, парасаттылыққа, адалдыққа толы әкеміз үш атадан тараған үлкен бір әулеттің қамқоршысы, ардақтысы, ақылшысы болған, туыстарын туғанындай көретін жан еді. Асқар таудай әкемізді әркез жүрегіміздің төрінде, сағынышпен еске аламыз. Жаны жәннатта, тәні рахатта болып, Алланың рахметі, Пайғамбардың шапағаты болсын. Иманыңыз жолдас болып, нұрыңыз пейіште шалқысын.



Жақсы мен жаманды көрді көзің,

Сонда да мұқалмады өр мінезің.

Айбыны Алатаудай қайран әкем,

Асқарым, арқа сүйер болдың өзің.

2023 жылдың 6 мамырында сағат 13.00-де әкеміздің қырық күндік асы «Айфар» дәмханасында беріледі. Әкеміздің көзін көрген туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, ауылдастарды асқа шақырамыз.

Хабарлаушы: анамыз – Төкең, балалары, немерелері.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны, асқар таудай ардақты әкеміз **Көкейұлы Керімбайдың** өмірден өткеніне 2023 жылдың 2 мамырында 40 жыл болады. Әкеміз өмірден өтсе де, көңілден мәңгі кеткен емес.



Әкеміз әулетіміздің үлкен жанашыры, биік тұлғасы еді. Тіршілігінде еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтың бірі, бауырға аға, туған-туысқа қамқоршы бола білді. Барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытқан мейірімнің бәтәжәрі-қайратыңызға басымызды иеміз. Сіздің жарқын бейнеңіз әркез көңіліміздің төрінде сақтаулы. Жарық дүние есігін ашып, өмірдің нұрын сыйлаған әкемізді бүгінгі күні сағынышпен еске ала отырып, жаны жәннатта, тәні рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын, нұры пейіште шалқысын деп әруағына дұға бағыштаймыз.

Әкем мәнін, асқар таудай өр еді,

Бір бойында жақсылығы көп еді.

Әрбір істе сабырлы да салмақты,

Еш адамға артық сөзі жоқ еді.

Қырық жыл уақыт өтті зымырап,

Қасымызда жоқсыз, әке, сіз бірақ.

Сағынамыз өзіңізді еске алып,

Сіздің жарқын бейнеңізді, біз жылап.

Еске алушылар: балалары.

28 қазан 2022 жылы **Амирхашов Бауыржан** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

12 қазан 2022 жылы **Саттибаев Марат Макметович** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

После смерти **Булкина Глеба Поликарповича**, умершего 15 февраля 2023 года, открыто наследственное дело. Наследники за оформлением своих наследственных прав могут обратиться к нотариусу Ақтоғайского района Кишкентаевой Саягуль Бекмоллаевне, по адресу: село Ақтоғай, ул.А.Бөкейхана, дом 19. Тел: 8 705 832 83 06.

Еске алу

Ақтоғай ауданы Қаратал ауылының (Калинин) ту-масы **Еденұлы Айғали** әкеміздің өмірден өткеніне 40 күн толуына байланысты еске ала отырып, әкемізге арнау арнаймыз.



Не дейміз мына өмір

жалғанына,

Көнесің тағдыр басқа салғанына.

Арада қырық күн де өтіп кетті,

Әкеміз қыр басында қалғанына.

Бақыт біздер көруші ек күлгенің,

Ғасыр өмір әкеміз сүргенімен.

Әлі де әкемізді сағынамыз,

Сыр шерткен өмірде өзі білгенің.

Еңбегінде бар еді табандылық,

Өсірді біздерді де адам қылып.

Ешқашан ойламаған арамдылық,

Жасамаған пендеге жаманшылық.

Қырық күн өке жүрек соқпағалы,

Қырық күн мейірімі өке тоқтағалы.

Қырық күн өзінді аңсап, асыл өке,

Артындағы ұрпағың жоқтағалы.

Мінезін жұмсақ еді елге жаққан,

Төсбелгілер бар еді кеудеге таққан.

Жастайынан қажымай, қайран өке,

Еңбектеніп, еңбектің отын жаққан.

Мінезі жұмсақ жібектей жарасымды,

Жар еткен Қабирадай анашымды.

Жүруші еді үлкенді құрмет тұтып,

Алдын кеспей ешкімнің бала сынды.

Тағдырдың жазуына тұра алмады,

Өмір заңы осы екен құралмалы.

Гүлбаршындай анамен отыз бес жыл,

Болып еді басының құралғаны.

Бар ма екен жақсылардың бармағаны,

Өкініш бірі бүгін қалмағаны.

Қалмады-ау бұл өмірде жақсыларым,

Ажал құрғыр құрығын салмағаны.

Жатқан жері әрдайым жұмақ болсын,

Мінгендері ақ боздан пырақ болсын.

Қабірінде ата-ана жанып тұрар,

Ұрпағының дұғалары шырақ болсын.

Ата-ана, бауырлардың қауымына,

Жеттіңіз бе, келместің ауылына.

Төмпешік боп әкешім, қалдыңыз-ау,

Төрешоқы тауының бауырында.

Еске алушылар: Айғалиевтер отбасы, балалары, немерелері, шөберелері.

Арнау арнаған: немересі Мұратұлы Серік.

Еске алу



Сарыптерек ауылының ту-масы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, руы – Көшкің-Аралбай, қадірлі бауыр **Асылбек Төлдин Орынбекұлының** өмірден өткеніне 19 мамырда бір жыл болады. Ағайынға бауырмал үлкенге құрметі ерекше, кішіге мейірімді, ашық-жарқын мінезді еді.

Барған сайын жадыраған жүзінмен қарсы алушы едің. Ол күндер енді оралмастай болды. Сенің жарқын бейнең жүрегімізде мәңгілікке сақталады. Әр басқан жолыңа қарап, сағынышпен еске аламыз. Тіршілігінде отбасының қорғаны, тірегі болған ардақты бауырымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабіріне Алланың нұры жаусын. Көрмеген қызығы мен жасамаған жасын артында қалған балалары мен туған-туыстарына нәсіп етсін дейміз.

Мәңгілікке ерте кеттің арамыздан,

Қамшының сабындай-ақ мына жалған.

Сағынышпен сарғайып еске аламыз,

Отбасы, туған-туыс артта қалған.

Сағына еске алушылар: ағасы Түгелдиннің отбасы.



**Тіл тағдыры –
ұлт ғұмыры**

Мемлекеттік тілді білу – әр мемлекеттік қызметкердің міндеті

"Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі.

Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтарының тілі. Қазақ тілі өте бай, орамды, көркем тіл. Тіл арқылы өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды сол тіл арқылы үйренеді. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Сондықтан, ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес. Қазіргі жаңартылған бағдарлама талабына қарай үштілділікті алға қойып отыр. Әрине, әр тілді меңгеру, әр тілде сөйлеу – әркімнің арманы. «Жеті түрлі ілім біл, жеті елдің тілін біл» деген.

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, дұрыс жолға қойылып, қызмет атқарылып жатқаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызға сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріссек, мәселе оңынан шешіледі деген сенімдеміз.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны өмірде қолдану мен қорғау басшыдан бастау алу керек. Ал, егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Еліміз өз егемендігін алып, іргесін кеңге жайған замандамыз. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты. Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, оқысын толтыру – өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда.

Сөз соңында айтатыным, ана тілімізді құрметтеп, аяқ астына таптамайық, ағайын! Бұл – біздің болашағымыз! Бірақ, қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл, ортақ тіліміз екенін ұмытпағанымыз жөн болар.

**Г.Айдарханова,
Ақтоғай аудандық сотының бас маманы.**

Бәрекеді!

«Жарқын болашақ» оқушыларды жетістікке жетелейді

25 сәуір күні Қарағанды облысының білім басқармасы, «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен, №1 «Білім-Инновация» лицей-интернатында мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беретін мектептердің, лицей, гимназиялардың 7-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңі өтті.

Олимпиаданың мақсаты – жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және дамыту, қазақ тілі бойынша ерекше дарындыларды анықтап, тілдік білімі мен өнеріне қолдау жасау.

Аймаққа қарасты аудан, қалалардағы дарынды шәкірттердің басын қосқан білім бөйгесіне ауданымыздан Тасарал жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы Бақыт Аманбай (жетекші мұғалімі Жамия Жунусова) қатысқан болатын. Кіл мықтыдан шын мықтыны анықтаған дарындылар додасында Бақыт Елдесқызы «Жас қаламгер» номинациясы бойынша II орынды иеленді. Қасиетті қазақ



тілінің мәртебесін асқақтатып, құдіретін сезіне отырып, өз білімі мен өнерін таныта білген жеңімпазға алдағы додаларда жеңіс тілейміз.

Өз тілімізден

Құттықтаймыз!



Құрметті жолдасымыз
Махметов Қуаныш!

Сізді мамыр айының 5-ші жұлдызында 70 жасқа толатын мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сізге денсаулық, сәттілік, бейбітшілік, жақсылық, береке, амандық тілейміз. Өміріңіз ұзақ, жарқын және есте қаларлық оқиғаларға толы болсын! Осы айтулы күні барлық арман-тілектерің орындалсын! Алда тек сәттілік күтеді, сондықтан сізді мейірімді және жанашыр адамдар қоршасын. Үйіңізде әрдайым гүлдену, өркендеу және жақсы көңіл-күй болсын!

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сенгіріңіз

асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәріңіз,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Ақ тілекпен: Шәріп-Гүлсания, Ырзық, Сәндігүл, Күләш тәге, Айтжамал, Кабираш.

Отан қорғаушылар күні қарсаңында

Болашақ сарбаздар сап түзеді

Әскери-патриоттық айлық шеңберінде жоспарға сәйкес, Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ-сі 7 мамыр Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне орай «Болашақ сарбаздар» атты әскери-патриоттық саптық ән байқауы өтті. Әскери байқауда мектебіміздің 1-10-сынып оқушылары бақ сынаған болатын. Салтанатты жиында мемлекеттік Ту көтеріліп, жиынға қатысушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына тіктеліп, мемлекеттік Әнұран шырқалды. Қатысушылар аланда сап түзеп, бөлімше командирлері АӘД оқытушы-ұйымдастырушы Серік

Түсіпқанға баянат берді. Баянатты қабыл алған мектеп директоры Қайыржан Салпанұлы құттықтау сөзін сөйлеп, қатысушылардың патриоттық сезімін оятты.

Жоғары деңгейде өткен іс-шарада барлық сыныптардың еңбектері елді. Үміт ақталды. «Үздік бөлімше», «Үздік ән», «Үздік саптық жүріс», «Үздік жас сарбаз», «Үздік жас буын» номинациясына ие болған оқушылардың көңілдері тоқ! Соңында «Ең үздік командир» марапаты 10-сынып оқушысы Молдашева Мөлдір мен 9-сынып оқушысы Қасымбеков Айдосқа берілді.

Бұл байқау үздік дәстүрлерді сақтау және жастардың азаматтық, патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиесіне жағдай жасау және олардың әскери қабілеттерін дамытумен қоса өскелең ұрпақты осындай биік мақсаттарға жетелеу болғандықтан, бастауыш сынып оқушылары да өз өнерлерін салып, бұл байқауда бой көрсетті. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, жастайынан оқушыларды Отанын, елін сүюге тәрбиелеу – мектептің негізгі міндеті.



**Арайлым Тенелді,
«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор үшін Д.КАБЫЛ

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Думан Кабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

